

## Қайыңды ауылдық округінің құрамды бөліктерін атау туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 7 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 3-10-166 тіркелді

Ескерту. Шешімінің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 09.02.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4 тармақшасына және Қайыңды ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, Қайыңды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге қоса берілген схемалық картаға сәйкес орналасқан, Қайыңды ауылының құрамындағы бөліктеріне (қыстауларына) келесі атаулар берілсін:

- 1) Молыбай;
- 2) Қарағұл;
- 3) Сағабаз;
- 4) Жаңатан;
- 5) Шакет;
- 6) Сарыкемер;
- 7) Қарабұлақ;
- 8) Өрбісін;
- 9) Құмқұдық;
- 10) Елуқарасу;
- 11) Трасса;
- 12) Қызылсай.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық  
округінің әкімі:

Е. Жолдығарин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК